

## МАМАНДЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТИПТЕРІ

### «Адам - табиғат»

*Кәсіптер:* Тұқым өсіруші, зоотехник, агроном, кинолог, химикобактериологиялық зертханашы, мал өсіруші шебері және т.б. «Адам - табиғат» типтегі кәсіптердің арасынан еңбек құралына байланысты келесі мамандықтарды бөлуге болады: өсімдік ағзалары, жануарлар ағзасы, микроағзалар.

Бұл ауыл шаруашылығымен, тамақ өнеркәсібімен, медицинамен, ғылыми (биология, география) зерттеулермен байланысты мамандықтар. Сонымен қатар табиғатқа деген қызығушылық психологтің, туризм менеджері және қонақ үй бизнесі менеджерінің бойларынан да табылуы керек.

Мұндай бөлу адам еңбегі тек жоғарыда айтылған пәндерге ғана бағытталғанын білдірмейді. Мысалы өсімдік өсірушілер ұжымда әр түрлі техникаларды қолданады, өз еңбегінің экономикалық тұрғыда бағалану мәселелерімен де айналысады. Бірақ өсімдік өсірушінің негізгі зейіні мен еңбегі - өсімдік пен оның өмір сүру ортасына бағытталған.

Ал бір жағынан, бұл мамандықтарды таңдау барысында сіздің табиғатқа қандай қарым-қатынаста екендігіңіз маңызды: демалыс орны немесе өндіріске өзіңіздің барлық күшіңізді сарп ететін шеберхана ретінде қарайсыз ба? Мамандықты таңдау барысында тағы бір мәселеге де көңіл аудару керек. Еңбектің биологиялық объектілерінің ерекшелігі олар күрделі, ауыспалы (ішкі заңдары бойынша) және стандартты емес. Өсімдіктер де, жануарлар да, микроағзалар да өмір сүреді, өседі, дамиды, сонымен қатар аурады және өледі. Қызметкерге тірі ағзалар туралы көп біліп қана қоймай, оларда болуы мүмкін өзгерістерді алдын- ала білу қажет. Адамнан нақты еңбек міндеттерін шешуде бастамашылдық және өзбеттілік, қамқоршылдық, болашақты болжай алу талап етіледі.

### «Адам - техника»

Бұл жерде негізгі, жетекші еңбек құралы - техникалық объектілер (машиналар, механизмдер), материалдар, қуат түрлері.

*Кәсіптер:* үңгуші, ағаш шебері, инженер механик, сәулетші, электромонтаждаушы, құрылысшы, техник – металлург, радиомеханик, компьютер құраушы, телекоммуникациялар жөніндегі маман және т.б. Әрине, бұл жерде жұмысшылардың еңбектері техникаға ғана емес, сонымен қатар кәсіби зейіннің жетекші пәніне – техникалық нысандар мен олардың қасиеттеріне бағытталған.

*«Адам-техника» типінің мамандықтары арасынан келесілерді бөліп*

*көрсетуге болады:*

- Грунттарды, кен түрлерін өндіру, өңдеу мамандықтары.
- Металлдық емес өнеркәсіп материалдарын, өнімдерін, жартылай фабрикаларды өңдеу және қолдану мамандықтары.
- Металлдарды өңдеу және өндіру, машиналарды, құралдарды монтаждау, механикалық жинау мамандықтары.
- Технологиялық машиналарды жөндеу, қалпына келтіру, транспорт құралдарды орнату мамандықтары.
- Үйлерді, мекемелерді жөндеу және монтаждау мамандықтары.
- Электрондық құралдарды, құралдарды, аппараттарды жөндеу, жинау, қызмет көрсету мамандықтары.
- Ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу мамандықтары.

Техникалық объектілерді өңдеуде, қалпына келтіруде, орналастыруда және бағалауда жұмысшыдан істің нақтылығы және анықтылығы талап етіледі. Техникалық объектілерді, үнемі деуге болады, адам өзі жасайтын болғандықтан, техника өмірінде техникалық шығармашылықтар новаторлық, ойдан шығаруға кең мүмкіндік беріледі. Техника саласындағы жұмыста адамның шығармашылық қабілетімен қатар, тәртіпті қатаң орындауы да талап етіледі.

#### **«Адам - адам»**

Бұл жерде негізгі, жетекші еңбек құралы- адамдар болып табылады.

*Кәсіптер:* дәрігер, мұғалім, психолог, шаштаразшы, менеджер, экскурсия жетекшісі көркем ұжымның жетекшісі және т.б.

*Осы мамандық типтерінің ішінен келесілерді атап өтуге болады:*

- Адамдарды тәрбиелеуге және оқытуға, балалар ұйымын ұйымдастыруға байланысты мамандықтар.
- өндірісті басқаруға, адамдарға, ұжымдарға жетекшілік етуге байланысты мамандықтар.
- Тұрмыстық, саудалық қызмет етуге байланысты мамандықтар.
- Ақпараттық қызмет етуге байланысты мамандықтар.
- Адамдарға көркем – ақпараттық қызмет көрсетуге, көркемдік ұжымды басқаруға байланысты мамандықтар.
- Медициналық қызмет көрсетуге байланысты мамандықтар.

Бұл мамандықтардың жетістікке жетуі үшін алдымен адамдармен қарым–қатынасты орнату және оны ұстап тұру, оларды түсіну, олардың ерекшеліктерін білу, сонымен қатар өндіріс, ғылым, өнерге тиісті салада білімі болуы қажет.

*Жұмыста өте маңызды қасиеттердің қысқаша тізімі:*

- адамдармен жұмыс барысында тұрақты жақсы көңіл – күй.
- қарым – қатынасқа деген қажеттілік

- адамдардың күйін, ойларын түсіну қабілеті.
- Адамдардың өзара қатынасын түсіну қабілеті.
- Өртүрлі адамдармен тіл табыса алу қабілеті.

### **«Адам–белгілік жүйелер»**

Бұл жерде негізгі, жетекші еңбек құралы– шартты белгілер, сандар, кодтар.

*Кәсіптер:* аудармашы, сызушы, инженер, топограф, машинист–хатшы, бағдарламашы және т.б.

*Осы типтегі мамандықтарға келесі жұмыс түрлері жатады:*

- құжаттармен байланысты тіркеу жұмысын жасау, іс жүргізу, мәтіндерге талдау жасау немесе оларды өзгерту, қайта кодтау;
- еңбек құралы сандар, топтық арақатынастар болып табылатын мамандықтар;
- шартты белгілер жүйесі түріндегі ақпаратты өңдеуге қатысты, нысандарды схема түрінде бейнелеуге қатысты мамандықтар.

Бұл мамандық бойынша жемісті еңбек ету үшін, ойша жалаң белгілер болып көрінетін әлемге еніп, қоршаған құбылыстардан көңіліңді қандай да бір белгілерден тұратын мәліметтерге аударатын ерекше қабілет болуы қажет. Шартты белгілер түріндегі ақпаратты өңдеу барысында бақылау, тексеру, есепке алу, мәліметтерді өңдеу, жаңа белгілер, белгілік жүйелер ойлап табу сынды тапсырмалар кездеседі.

### **«Адам- шығармашылық бейне»**

Бұл жерде негізгі, жетекші еңбек құралы – шығармашылық бейне, оны құру әдістері.

*Кәсіптер:* әртіс, суретші, музыкант, дизайнер, тас қашаушы, әдеби қызметкер.

*«Адам- шығармашылық бейне» типіндегі мамандықтарға:*

- сурет салуға байланысты мамандықтар;
- музыкамен байланысты мамандықтар;
- әдеби- шығармашылықпен байланысты мамандықтар;
- актерлік- сахналық іске байланысты мамандықтар.

Бұл типтегі мамандық ерекшеліктерінің бірі, еңбекке кеткен күші, шығындары сырт көзден таса болып қала береді, олар тек нәтижесін көреді.